

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қазақ еңбек және жұмыспен қамту проблемалары ғылыми-зерттеу институтын тарату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 21 қыркүйек N 1356

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қазақ еңбек және жұмыспен қамту проблемалары ғылыми-зерттеу институтын тарату туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік министрлігінің ұ с ы н ы с ы қ а б ы л д а н с ы н .

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі таратуды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырсын.

2. "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 3 наурыздағы N 290 P970290_ қаулысына (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 10, 71-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:
аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Еңбек және

халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың Тізбесінен мынадай жолдар алынып тасталсын:

"Қазақ еңбек және жұмыспен қамту проблемалары ғылыми-зерттеу институты".

3. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қазақ еңбек және жұмыспен қамту проблемалары ғылыми-зерттеу институтын ұйымдастыру туралы" Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1991 жылғы 31 желтоқсандағы N 822 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

